

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ ПЕДАГОГИКА НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

ӨОЖ 004:371.13

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларын өз еліне деген патриоттық сезімге тәрбиелеу

Қасымов Қ.Т.¹, Әбілқасымова Г.²

¹№ 86 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды;
²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье анализируются проблемы формирования чувства патриотизма у учащихся. Проведен анализ различных подходов к определению патриотического воспитания молодежи. Выявлено и раскрыто значение принципов патриотического воспитания, особое внимание уделено теоретическим основам понятия «патриотизм и его составляющие». Авторами рассмотрены задачи формирования патриотических чувств и сознания граждан на основе исторических ценностей и роли Казахстана в судьбах мира, сохранения и развития чувства гордости за свою страну.

Problems of the patriotism feeling shaping are considered in article beside учащихя. The Organized analysis different approach to determination of the patriotic education youth. It is Revealed and revealed importance principle patriotic education. In article emphases is spared theoretical base of the notion «patriotism and his forming». The Author are considered problems of the patriotic feeling and consciousness shaping of the people on base of history valuables and dug Kazakhstan in fate of the world, conservation and development feeling to pride for its country.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінде «қазақстандық жастарды патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» туралы айтылады. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Бұл бағыттағы күрделі тәрбие үдерісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуін талап етеді. Отансүйгіштік тәрбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі және, біздің анықтауымызша, жасөспірімдердің патриоттық, жоғары азаматтық сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық-педагогикалық үдеріс болып табылады [1].

Қазіргі заманда біздің халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруда, плюрализм пікірін бекітуде және әлеуметтік орта мен идеологиядағы сол бір тоқырау кезеңдерінің әсерінен туған жікшілдік пен бұрмалаушылықты жоюдағы күреске бар күшті ынталандыру болып табылады. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық-азаматтық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмі қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да

мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді [2].

Дегенмен, мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды.

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші-ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» деген еңбектерінде идеялық мәселелерге топтасудың керек екенін айтып, бірігуге шақырып, бұл міндетті жүзеге асыруда білім берудің, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды роль атқаратынын, олардың ықпалы ерекше тиімді болатынын айтқан. Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз — бұл қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеу. Дегенмен, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай-тоздырмай қазіргі саудасатықтың, алдау-арбаудың ықпалына жібермей, етегіне сүйретпей еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастыратын адамдарын тәрбиелеуіміз керек деген [3].

Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тірегі — бүгінгі жасөспірімдер. Содан да олардың бойына отансүйгіштік, патриоттық тәрбие беру күн тәртібінен түспей-ақ келеді. Жасөспірімдердің мектеп қабырғасынан өзін әскери қызметке дайындап, дәріс алуы еліміздің шаңырағы шайқалмауына кепілдік беретіні сөзсіз.

Сондықтан өзгермелі қоғам жағдайында еліміздегі жастар санасына күнделікті жан-жақты әсер етуі, жаһандануға бет бұрған қазіргі жағдайда жастар тәрбиесінде кейбір ұлттық болмысқа жат келеңсіз жайттердің көрініс табуы, дінге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруі, ол өзгерістердің оң және теріс ықпалы — міне, осының бәрі азаматтық-патриоттық тәрбиені жүйелендіруді, оның жастар тәрбиесіне ықпалын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталды. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып өсіп өркендеуі, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу — бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі, осы негізде патриоттық-азаматтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі болуда.

«Қазақстан–2030» Жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «патриоттық-азаматтық» оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып қарастырылады [4].

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес барлық азаматтарға тең құқықтық берілген, түрлі ұлт өкілдерінің бірге бейбіт өмір сүруі үшін заңдық негіз жасалған. Сондықтан Қазақстан Республикасы — онда тұратын барлық қазақстандықтардың мемлекеті.

Қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында Отанға деген махаббат, ұлттық және құқықтық, сана-сезім, азаматтық өнеге мен табиғи түйсіктерді: өз отбасы, елі, халқы, ауданы, ауласы, спорттық клуб, қаласын қолдау бастауы болып саналатын азаматтық патриотизм үлкен орын алады.

Сонымен, азаматтық патриотизм негізінде халық рухында, ұлттық түсінікте, шығармашылыққа ұмтылуда, белсендік әлеуметтік салада алып жатқан талпыныс болады. Азаматтық патриотизм туған табиғат пен өзінің топырағы арасындағы қатынас болып табылады, ол әлеуметтік мәдениет тұтастығы мен тұлғалар өмір сүретін рухани адамгершілік ортаны көрсетеді.

Азаматтық патриотизм — адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара әрекетінің ерекше механизмі, ол патриотизмнің басқа да түрлерін жинақтайды және мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық процестердегі өзінің ұлттық мәдени сәйкестігін қорғаумен байланысты.

Жалпы білім беретін мектептерде өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесіне қатысты жеткілікті тәжірибелер жинақталған. Осы тәжірибелердің белгілі бір кезеңдердегі белгілі бір оқу-ағарту мекемелеріндегі жай-күйін зерттеу оның нәтижелерін нарықтық экономика жағдайында мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу жолдары мен бағыттары бойынша қарастыру бүгінгі күн талаптарынан туындап отыр.

Патриоттыққа тәрбиелеуді меңгерудің мақсаты — оқушыларда саяси мәдениетті қалыптастыру, өз мемлекетінің саналы азаматтарын тәрбиелеу.

Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы олардың құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалған толық кепілдігі мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ететін конституциялық еркіндік, экономикалық дамыған, әлеуметтік тұрақты өркениетті, демократиялық мемлекет құру бойынша болып жатқан процестер бірнеше маңызды, сапалы жаңа міндеттерді жоғарылатқан жағдайда өседі.

Осыған байланысты патриоттық тәрбиені анықтайтын қағидалар қатарына келесілерді жатқызуға болады (сур. қара).



Сур. Патриоттық тәрбиені анықтайтын қағидалар

Патриоттық тәрбие — бұл азаматтарда жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру, Отанға деген берілгендік сезімі мен азаматтық парызын орындауға дайындығы және Отан мүдделерін қорғаудағы конституциялық міндеттері арқылы атқарушы билік жүйесінің, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындары мен ғылыми ұжымдар, көпжоспарлы, жүйелі орындауға болатын мақсатты және үйлестірілген қызметі.

Қазіргі жастардың саяси және азаматтық патриоттық тәрбиесіндегі саясат азаматтық патриотизмді қалыптастыру процесін іске асыру, реттеу, ұйымдастыру және мәдени, экономикалық, аймақтағы этникалық жағдайлардың ерекшеліктері мен нақты шарттарына байланысты Отанға лайықты қызмет етуге дайын болу болып табылады.

Сондықтан бүгінде жасөспірімдерге жалпы білім беретін мектептерде әскери-патриоттық тәрбие берудің жай-жапсары қалай екендігін білу мақсатымен Қарағанды қаласындағы № 86 орта мектепке ат басын бұрғанбыз.

Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді отанына, еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық әскер құрамында адал қызмет атқаруға, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды.

Мектебімізде оқу жыл соңында алғашқы әскери дайындық курсының аяқталу салтанатына арналған әскери-патриоттық жарыс өткізіліп тұрады. «Ұлан» жарысы байқауында автоматты толық емес бөлшектеу және жинастыру, оқжатарды жарактау, әскери кедергілерден өту, граната лақтыру, кермеде тартылу бойынша 10–11-сынып оқушылары бәсекеге түседі. Мұндағы мақсат оқушылардың сапта тұру, жүру, пәрмендерді орындай білу, әскери тәртіпке үйрету шеберліктерін жетілдіріп, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу және патриоттық сезімін арттыру болып табылады.

Аталмыш іс-шаралар шәкірттерге ерліктің, еңбектің қадір-қасиетін түсіндіруге мүмкіндік беріп, елінің патриоты болуға тәрбиелейді. Ел алдында борыш пен міндетті абыройлы атқаратын жеке тұлға қалыптастыруда әскери патриотизмнің мәні зор.

Патриоттыққа тәрбиелеудің негізгі бағыты — бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу. Рәміздердің тақырыптары барлық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шараларда талқыланады.

Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері бойынша ресімделген бұрыштар бар. Мемлекеттік рәміздер — еліміздің азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеудің факторы. Олар халықты, барлық азаматтарды біріктіріп, олардың бойына өз еліне деген мақтаныш сезімін, оның жарқын болашағына деген сенім және үміт ұялатады.

Осыған орай бүгінгі күні ата-бабалар одан бұрынғы ұрпақтардың салып кеткен жолымен жүріп, сол жолды ары дамыту, өмір жаңалығын ескеру, ескімен жаңаны ұштастыру — Қазақстан халқының міндеті. Сондықтан «қазақстандық патриоттық тәрбие» деген ұғым тек қана айтыла салатын, дерексіз ұғым емес, ол, ең алдымен, нақты, өз ұлтына, сонда тұрып жатқан халықтарға берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп, білетін, соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқалары түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік, қазақстандық патриоттық рұхтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек.

Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралдары бар. Сол сияқты қазақстандық патриотизмнің мақсат, міндеті, түрі, әдіс-тәсілі бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбиемізде осы негіздер болмаса, ол жай сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді [5].

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше, ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет.

Сонымен, білім беру жүйесіндегі ең басты мәселенің бірі жалпыға бірдей міндетті оқуды жүзеге асыру болып табылады. Жалпы білім беретін мектептердің ең негізгі міндеттерінің бірі — бұл оқу жасындағы жасөспірімдерді оқуға толық тарту. Осы мақсатта оқу жылы ішінде екі дүркін міндетті оқу айлықтарында өткізіліп, әр мектеп өз шағын аудандары бойынша есеп жүргізіп, әр жанұядағы балалар есептері сарапталып отырды.

Біздің міндетіміз — жас ұрпақты отансүйгіштікке және өз еліне деген патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: Юрист, 2007. — 41 б.
2. Қойшыбаева Қ.Б. Болашақ педагогтарды патриоттық-азаматтық рухында тәрбиелеудің шарттары: Пед. ғыл. канд. ... автореф. — Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік ун-ті, 2010. — 30 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде // Казахстанская правда. — 2010. — № 7. — 1–5 б.
4. Қазақстан–2030. — Алматы: Юрист, 2006. — 152 б.
5. Майлыбаева Л.С. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға патриоттық тәрбие беруге дайындаудың педагогикалық шарттары: Пед. ғыл. канд. ... автореф. — Шымкент: М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік ун-ті, 2010. — 30 б.